

БАЛАЛАР ҚУАНҒАН КҮН

Қаламызда «Мектепке жол» акциясы жалғасып жатыр. Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты № 99 мектеп-гимназиясында мектепшілік «Аялы алақан» атты қайырымдылық іс-шарасы ұйымдастырылып, балаларға қуаныш сыйлады.



Қайырымдылық акцияға Шымкент қаласы мәслихатының депутаты Қайра Сүлейменов, «Петро Қазақстан Ойл Продактс» ЖШС-нің департамент директоры Сұлтан Әбдіқадыр, Еңбекші ауданы халықпен жұмыс жүргізу бөлімінің басшысы Сейдулла Бибишев, жанар-жағар май қауымдастығының төрағасы Қайыпбек Қамбаров, «Қарабастау» мешітінің имамы Берік Сейтаев қатысып, де-меушілік етті.

Мектеп директоры Сәулен Ысқақованың айтуынша, демеушілердің көмегімен аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан 670 оқушыға мектеп формасы мен құрал-жабдықтар үлестірілген.

– Демеушілердің ішінен «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» Шымкент мұнай өндеу зауытын ерекше атап өтуге болады. Ата-аналар комитетінің 58 балаға көмек

көрсету жөніндегі етініштерін қолдап, оларға оқуға қажетті құрал-жабдықтырын алып берді. Оның алдында оқу процесінің сапасын жақсарту үшін мектебімізге интерактивті тақта, тігін машиналары, компьютерлер, аудио және видео аппаратуралар сияқты қажетті оқу жабдықтарын сатып алып берді, - деді мектеп директоры.

Ата-аналар да демеушілерге алғыстарын жеткізді.

– Төрт немерем осы мектепте оқиды. Бүгінгі «Петро Қазақстан Ойл Продакт компанисының игі ісіне айтар алғысым шексіз, – деді Халима Әлметова.

Айта кетейік, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» компаниясы қала тұрғындарына тұрақты түрде әлеуметтік және қайырымдылық көмек көрсетіп келеді.

А.МҰХТАРҚЫЗЫ

ШЫ(МОНТ КЕЛБЕТІ
N67 от 31.08.2022ж



ҚҰҚЫҚТЫҚ АРТТЫРУ Ж

Әл-Фараби кітапханасының күніне орай «Конституциялық тер аясында жаңа саясат пективалары» тақырыбындағы жиынға Шымкент қаласының төрағасы Бауыржан Әбдішәлі Шалатай Мырзахметов пен оның ұжымының жетекшісінің төрағасы Кенесбай Қасымбек Қызыл Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті Қайратбек Қайратовтері қатысты.

Еліміздің Ата Заңын қабылданғанына биыл жыл толды. Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар еліміздің мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, ашық әрі әділетті қоғам құру жол ашып отыр. Азаматтардың құқықтарын қорғауды конституциялық тетікке күшейе түсті.

Қоғам қайраткері Ш.Мызахметов Конституциялық реформалардың бәрі де халық үшін, азаматтардың қызықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталғанын атап өтті. Жер туралы өзгеріс, конституциялық соттың құрылуы халық көңілінен шыққанын жеткізді.